

Дәріс №6.

Тақырыбы: Мәтін.

Мақсаты: Бір жолды және көп жолды мәтінмен танысу.

Бір жолды мәтін

Бір жолды мәтінді сызбаға енгізу:

- Сурет салу (Draw) құралдар тақтасынан **A1** батырмасын басу;
- Бұйрық жолына **DTEXT** бұйрығын енгізу;
- Мәзір қатарынан Сурет салу→Бір жолды мәтін (Single Line Text) бұйрығын таңдау.

Опциясы:

Justify – мәтін жолының теңестіру түрлерін өзгерту қажет болса қолданылады, және де жүйе қосымша параметрлерді нақтылау тізімін көрсетеді:

Align – егер екі берілген нүктенің арасына мәтін орналастыру қажет болса, қолданылады; жүйенің қосымша сұранысы.

Center – егер көрсетілген нүктеге катысты мәтіндік жолды ортаға қою қажет болса, қолданылады; жүйенің қосымша сұранысы.

Fit – егер екі берілген нүктенің арасына биіктігі бекітілген мәтін орналастыру қажет болса, қолданылады; жүйенің қосымша сұранысы.


Middle – егер мәтінді көлденеңнен және тігінен ортаға қою қажет болса, қолданылады; жүйенің қосымша сұранысы.

Right – егер мәтінді көрсетілген нүктеден оң жаққа тегістеу қажет болса, қолданылады; жүйенің қосымша сұранысы.

Top Left, Top Center, Top Right (TL, TC, TR) – егер көрсетілген нүкте бойынша мәтінді жоғары сол жаққа, жоғары ортасына, жоғары оң жаққа тегістеу қажет болса, қолданылады; жүйенің қосымша сұранысы.

Middle Left, Middle Center, Middle Right (ML, MC, MR) – егер көрсетілген нүкте бойынша мәтінді ортасымен сол жаққа, ортасымен тігінен және көлденеңнен, ортасымен оң жаққа тегістеу қажет болса, қолданылады; жүйенің қосымша сұранысы.

Bottom Left, Bottom Center, Bottom Right (BL, BC, BR) – көрсетілген нүкте бойынша мәтінді төмен сол жаққа, төмен ортасына, төмен оң жаққа тегістеу қажет болса қолданылады; жүйенің қосымша сұранысы.



Сурет 5. TL, TC, TR, ML, MC, MR, BL, BC, BR, Right, Center туралау опцияларын қолдану мысалдары

Бір жолды мәтінге арнайы символдарды қолдану басқарушы кодтар көмегімен орындалады:


- %%o – символдарды үстінен сызу режимін қосады немесе сөндіреді;
- %%и – символдарды астынан сызу режимін қосады немесе сөндіреді;
- %%d – мәтін жолының сәйкес орнына «градус» символын орналастырады;
- %%p – мәтін жолының сәйкес орнына «қосу-азайту» символын орналастырады;
- %%c – мәтін жолының сәйкес орнына «шеңбер диаметр» символын орналастырады.

Көп жолды мәтін

Көп жолды мәтінді сызбаға енгізу:

- Сурет салу (Draw) құралдар тақтасынан **A** батырмасын басу;
- Бұйрық жолына **MTEXT** бұйрығын енгізу;
- Мәзір қатарынан Сурет салу→Көп жолды мәтін (Multi Line Text) бұйрығын таңдау.

Microsoft Word мәтіндік процессорліктегі тегістеу мен түзету мүмкіндіктері тәрізді ұзын мәтінді толық абзацты сызбаға енгізуге мүмкіндік береді.



Сурет 6. Көп жолды мәтінді енгізу және түзету

Multiline Text Editor сұқбаттасу терезесі төрт қосымшадан және **Import Text** батырмасынан тұрады:

Character қосымшасы төмендегідей мәтіннің символдарын форматтау құралдарынан тұрады:

Font – қаріпті таңдау тізімін ашады;

Font Height – қаріпті биіктігін енгізетін тізімді ашады;

Bold – символды жартылай қоюландыруды орнататын батырма;

Italic – символды курсивтеуді орнататын батырма;

Underline – символдың астын сызуды орнататын батырма;

Undo – болдырмау (қайтару) батырмасы;

Stack/Unstack – бір немесе екі жолды сызықшаларды сызу батырмасы;

Text Color – символдардың түстерін таңдау тізімін ашады;

Symbol – арнайы символдарды қою тізімін ашады.

Properties қосымшасы мәтін абзацының жалпы қасиеттерін басқару құралдарынан тұрады:

Style – мәтін стилінің таңдау тізімін ашады;

Justification – мәтінді мәтіндік терезеде тегістеу түрлерін таңдау тізімін ашады;

Width – мәтіндік терезе жиегінің енін таңдау тізімін ашады;

Rotation – мәтіннің бұрылу бұрышын таңдау тізімін ашады;

Line Spacing қосымшасы мәтін жолдары арасындағы ара қашықтықты өзгертетін құралдардан тұрады:

Line Spacing – жолдар арасындағы ара қашықтықты беруді таңдау тізімін ашады;

Spacing – жолдар арасындағы ара қашықтықты таңдау тізімін ашады;

Find/Replace қосымшасы төмендегідей мәтіннің бөліктерін ауыстыру және іздеу тәсілдерінен тұрады:

Find – іздеу үшін енгізілген мәтінді іздеу тізімін ашады. **Find** батырмасы мәтін тізімінде көрсетілген іздеу процедурасын іске қосу үшін қолданылады.

With Replace – ауыстыру үшін енгізілген мәтін тізімін ашады. **Replace** батырмасы өзгерту және іздеу процедурасын қосу үшін қолданылады.

Match Case – регистрді оқу немесе оқымау мүмкіндігін беретін жалауша;

Whole Word – бүтін сөзді іздеу немесе іздемеу мүмкіндігін жарнамалайтын жалауша.

Import Text батырмасы **Multiline Text Editor** түзету терезесінде қарапайым мәтіндік файлды (.TXT немесе .RTF) импорттауға мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары:

1. Мәтін суретін салудың қандай бұйрығын білесіз, олардың айрмашылығы қандай?
2. Мәтіннің стилі деген не?
3. Мәтінді қалай өзгертуге болады?
4. Multiline Text Editor сұқбаттасу терезесі неден тұрады?